

бәсекелестікке қабілеттілікті, әлемдік білім беру кеңістігіне интеграциялануды, жаңалық пен инновацияларға ашықтылықты, шығармашылық ізденістер мен зерттеулерге деген тұрақты бағытты, университет пен оның жоғары академиялық стандарттарын – бас корпоративтік құндылықтар етіп жариялайды.

3. УНИВЕРСИТЕТ ҚОҒАМДАСТЫҒЫНЫҢ КОРПОРАТИВТІК МӘДЕНИЕТІ

3.1. Оқытушылар, қызметкерлер және білім алушылардың корпоративтік этикасы

3.1.1. ОҚМУ оқытушылары, қызметкерлері және білім алушылары абырой мен қадір – қасиетімен университеттің жоғары статусын қолдауы керек, өз еңбегімен ОҚМУ академиялық қоғамдастығының жоғары атағын ақтауға міндетті.

3.1.2. Өз міндеттерін орындау барысында бірлік, ізеттілік, серіктестілік, өзара түсінісу мен көмек көрсету, бір – біріне сенім және ұжымда аса өнегелілікті көрсетуі керек. ОҚМУ оқытушылары, қызметкерлері мен білім алушыларының абыройы мен қадір – қасиеті адамгершілікті салауатты өмір салтының ажырамас бөлігі.

3.1.3. Қазақстан Республикасының 2007 жыл шілденің 27-гі «Білім туралы» Заңының 28 бабы 3 тармағына сәйкес оқытушылар, қызметкерлер мен білім алушылар діни мен діни ерекшелігін көрсетпейтін зайырлы, іскер киім үлгісін ұстануы қажет.

3.1.4. Қазақстан Республикасының 2011 жыл қазанның 11-гі «Діни қызмет мен діни ұйымдар туралы» Заңының 3 бабы 4 тармағына сәйкес университет білім және тәрбие берудің зайырлы сипатын жүзеге асырады.

3.1.5. Университетте бір – біріне сыпайы түрде «сіз» деп және «аты - жөнімен» атау ескерліген. Нормативтік емес лексиканы қолдануға, көпшілік алдында қарым – қатынастарын анықтауға жол берілмейді.

3.1.6. Университет территориясында экологиялық және санитарлық талаптар мен нормаларды бұзуға жол берілмейді, ол білім алушылар, оқытушылар және қоғам жағынан кері сыналуы тиіс (шылым шегу, шылым қалдықтары мен өзге заттарды тиісті орындарға тастамау, бұйымдарды, жабдықтарды бұзу және территорияны ластау).

3.1.7. Университетте қауіпсіздік пен құқық бұзушылықтың алдын алуды қамтамасыз ету мақсатында қауіпсіздік қызметімен ұйымдастырылған рұқсатнама жүйесі бар. Ғимаратқа кіргендер қызметтік куәліктері мен студенттік билеттерін ашылған түрде ұсыну қажет.